

Keywords: water resources, water scarcity, technology drip irrigation, sugar beet, irrigation rate.

УДК 639.1

Тойлыбаева Н.Ш., Кентбаев Е.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

**МОЙЫНҚҰМ ОРМАНДАРЫ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ЖӘНЕ АЙМАҚТАҒЫ СҮТҚОРЕКТІЛЕР ФАУНАСЫНЫҢ
БИОЛОГИЯЛЫҚ АЛУАН ТҮРЛІЛІГІ**

Аңдатпа

Мақалада Мойынқұм ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі мен аймақтағы сүтқоректілер фаунасының биологиялық алуан түрлілігі мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: Мойынқұм ормандары және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі, жануарлар дүниесі, сүтқоректілер фаунасының биологиялық алуан түрлілігі.

Кіріспе

Мойынқұм ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі Қазақ КСР Орман шаруашылығы министрлігінің 1981 жылдың 16 қаңтардағы №9 бұйрығымен құрылған. 1988 жылы орман шаруашылығы өндірістік мекемесі атанды. 2012 жылдан «Мойынқұм ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» атанды. Орман қоры жерінің жалпы көлемі 865865 гектар, оның орманмен көмкерілген алқабы – 600801 гектар. Үш орманшылыққа бөлінген. Олар: Фурманов орманшылығы жер көлемі – 152542 гектар; Қарашарда орманшылығы жер көлемі – 343395 гектар; Төменгі Шу орманшылығы -369928 гектар [1].

Орман қоры жері Мойынқұм шөлінің солтүстік тегістік аумағын алып жатыр. Жер қыртысы тегіс емес, толқынды болып келген, құм жоталар мен төбелердің биіктігі 3-5 метр, кейбірлері оңтүстікке қарай биіктей береді және солтүстік-батысқа қарай созылған. Мекеменің жалпы аумағы қарадүрсін қопсыған топырақты немесе сусымалы құмды болып келеді. Жер қыртысының бедеріне, құм төбелерінің және жоталардың биіктігіне қарай құм өңірлері екіге бөлінеді: тегістік құмдар және құм төбелі жоталар.

Мойынқұм орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі аймағы физикалық-жағырапиялық жағынан алғанда, өңірдегі жусанды, ащылы-тұщылы өсімдікті, шөл-шөлейтті болып табылады. Аймақта негізінен ақ сексеуіл, қара сексеуіл, тораңғы, жиде, жыңғыл, қоянсүйек, теріскен, шенгел тектес бұталар өседі [2].

Табиғат байлықтарының бірі – жабайы аңдардан алынатын өнімдерді көбейтудің маңызы ерекше, әсіресе біздің елімізде қоры мол, елік, жабайы шошқа секілді аңдарды жылма-жыл кәсіптік жолмен аулауды ұйымдастырудың келешегі бар. Жануарлар орманда да, далада да мекендейді, еліктердің күнделікті өмір сүру ортасы шаруашылықтың тоғайлы және бұталы жер. Жаз айларында еліктер шабындықтың жоғары бетінде жүреді. Қабандардың өмір сүруі шаруашылықта әртүрлі таулы өлкеде бұталы мәдениетті өсімдіктер өсетін жерлерде, қамыс арал маңайында және тағы басқа жерлерде. Қыс айында қабандар жартылай қоныс аударуға көшеді, ал қалғандары күн жақсы түсетін алқапта қалады.

Адамның күнделікті жейтін тамағында балық өнімдерінің алатын орны орны бөлек. Балық ақзатқа, басқа да бағалы заттарға бай келеді. Демек, халықты балық өнімдерімен қамтамасыз етіп, оны неғұрлым мол аулау үшін бөгеттерде, су қоймаларында, көлдер мен

өзендерде балық шаруашылығын ұйымдастырудың пайдасы зор. Өзендердерінің бәрі жұқпалы аурулардан таза. Балық негізінен табиғи өзендерде ауланады.

Жазы ыстық, қысы қоңыржай болып келетін құм өңіріне бейімделген аң-құстардан қасқыр, түлкі, қоян, қаракұйрық, шошқа, жабайы мәлін, борсық, қарсақ, шиебөрі, үлкен құм тышқандары, шымшық, жабайы кептер, сарыала қаз, үкі, жапалақ, байғыз, қырғауыл, дуадақ, шіл, құм кесірткесі, жылан, тасбақа және тағы басқа түрлері де бар.

Шығыс бөлігінде тасты-топырақты шөлді аймағында аз санды сарышұнақ пен қосаяқтар мекендейді. Бетпақдаланың топырақты тегіс аймағында, батыс бөлігінде үлкен және қызылқұйрық құмтышқан түрлері кең тараған. Сонымен қатар, бұл аймақта түлкі, соқыртышқан, сұр атжалман, Эверсман атжалманы және жалман белгіленген. Олардың ішінде жергілікті түр ретінде кіші сарышұнақты, кіші қосаяқ, тікқұлақ қосаяқ және қызылқұйрық құмтышқанды айтуға болады.

Жыртқыш аңдардың арасынан түлкі мен аққалақты жиі кездестіруге болады. Өзен жағалауынан келген қаптесер, жыңғыл құмтышқаны мекен етеді. Сұр атжалман және қызылқұйрық құмтышқаны інін салады. Маусымдық мезгілде босаған мал қора орындарында құмтышқандары, үлкен, кіші қосаяқтар және кеміргіштердің басқада түрлері іні салады. Ауыл және қыстақтардың маңында құм қоянын кездестіруге болады. Бұл биотопта жалпы 27 түр тіркелді [3].

Мойынқұм ормандары және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі аймағындағы сүтқоректілер фаунасының таксономдық биоалуантүрлілігінің көрсеткіші репрезентативтік өте жоғары және 55 түрден жоғары өкілдерін тіркеуге болады. Тернофауна 7 отрядты, 19 тұқымдасты және 36 туысты құрайды. Аталған түрлердің арасында саны бойынша көп кездесетіндер кеміргіштер – 26 түр, жырқыштар – 9 түр, және де қолқанаттылар – 8 түр, жұптұяқтылар - 5 түр, жәндікжегіштер – 3 түр, қоян тәрізділер – 2 түрден және тактұяқтылардан – 1 түр.

Зерттелген аумақтың сүтқоректілер фаунасының репрезентативтік көрсеткішінің жалпы Қазақстан бойынша шаққандағы көрсеткішін кестеден көруге болады.

Кесте - Мойынқұм ормандары және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі аймағындағы сүтқоректілердің таксоном өкілдері

Таксондар	Жүйелік топ саны		Репрезентативтік көрсеткіш, %
	Қазақстан Республикасы бойынша	қорықша аумағында	
Отряд	7	7	100
Тұқымдас	36	19	52,8
Туыс	96	36	37,5
Түрлер	178	55	30,9
Класс <i>Mammalia</i> бойынша қорытынды	317	117	36,9

Жалпы қорықшада республикамызға танымал барлық отрядтар, және де барлық тұқымдастың жартысына көбі көрсетілген. Сандық таксон бойынша аздау туыстар мен түрлері аз белгіленген. Бұны мекен ету ареалы кеңіне пайдаланатын аңдар, нақтырақ айтқанда убиквист-түрлері мекен етуімен байланыстыруға болады. Мысалы, қасқыр, түлкі, құм қояны, үлкен құмтышқаны, сұр атжалманы, қаптесерлер. Сонымен қатар, бұл жерде мекен ету алаңы шектелген немесе құм алқапта мекен ететіндер түрлер: ала жертесер, жүнбалақ қосаяқ, тарғаққұйрық сарышұнақ және басқалары жатады [4].

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген, сирек кездестін және жойылып бара жатқан сүтқоректілердің 7 түрі: шұбар күзен, құлан, қаракұйрық, бөкен (киік), арқар, жайра, жалман жатады. Оның ішінде жатысынан көбі сирек кездесетін түрлердің III санатына жатады. Құлан мен ондатр интродукциялаған түрлерге жатады.

Орман қоры жерінде 2012 жылы жабайы аң-құстарға жүргізілген есеп бойынша (жақша ішінде саны көрсетілген) қарақұйрық (43), жабайы шошқа (50), қасқыр (77), шиебөрі (51), мәлін (26), түлкі (102), дуадақ (19), қырғауыл (9), қоян (973) бар.

Мекеменің орманшы-қорықшылары өздеріне бекітіліп берілген айналымдар бойынша атқарылған жұмыстарды, байқалған өзгерістер мен аң-құстардың есебін айналым куәлігімен күнделіктеріне түсіріп, олар әр саланың мамандары тарапынан тексеріліп отырылады. Биотехникалық жұмыстар бөлінген қаражатқа байланысты жыл сайын өз деңгейінде орындалады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалануына бақылау жасау мақсатында мемлекеттік орман қоры аумағындағы аң-құстардың есебі мен мониторингі жүйелі жүргізіліп, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын қорғау бойынша рейдтер мен тексерулер өткізіліп тұрады.

Әдебиеттер

1. Талбесік (Жамбыл облысының өсімдіктер және жануарлар дүниесі) Алматы, «Ғалым» баспасы, 2013. – 128 бет
2. Бекенов А., Есжанов Б., Махмұтов С.М. Қазақстан сүтқоректілері. - Алматы: Ғылым, 1995.
3. Млекопитающие Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1969 – 1985, т. I-IV.
4. Основные положения ведения лесного хозяйства в Жамбылской области Республики Казахстан. Алматы: Казлеспроект, 2007. с, 12-15.

Тойлыбаева Н.Ш., Кентбаев Е.Ж.

БИОЛОГИЧЕСКАЯ РАЗНООБРАЗИЯ ФАУНЫ МЛЕКОПИТАЮЩИХ НА ТЕРРИТОРИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ ПО ОХРАНЕ МОЙЫНКУМСКОГО ЛЕСА И ЖИВОТНОГО МИРА

В статье рассмотрены вопросы биологической разнообразии фауны млекопитающих на территории государственного учреждения по охране Мойынкумского леса и животного мира.

Ключевые слова: биологическая разнообразия, млекопитающие, птицы, красная книга.

Toilybaeva N.Sh., Kentbaev E.Zh.

BIOLOGICAL DIVERSITY OF MAMMAL FAUNA WITHIN STATE PROTECTION INSTITUTIONS MOYINKUM FOREST AND WILDLIFE

The article discusses the biological diversity of mammalian fauna in the territory of a state institution for the protection of forests and Moyinkum wildlife.

Keywords: biological diversity, mammals, birds, red book.